

**«БЕКІТЕМІН»
ҚР БФМ «Ұлттық ғылыми-
практикалық дene тәрбиесі
орталығы» РМҚК
Бағдиректоры**



**С. Садықов
2022 ж.**

**ФУТБОЛДАН «БАЛДАУРЕН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

**Орал қ.
2022 ж**

I. Мақсаты мен міндегі

Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер спортын насиҳаттау және дамыту, бастауыш сынып оқушыларын футболмен шұғылдануға, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

- қымыл-қозғалыс белсенділігін және оқушылардың денсаулығын нығайту проблемаларын кешенді шешу;
- рухани жігерлілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- денсаулықтарын нығайту, ағзаларын дамыту және шынықтыру;
- негізгі қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды әр түрлі өмір жағдайында қолдана білу шеберлігіне үйрету.

II. Жарыс басшылығы

Футбол «Балдәурен» жарысын дайындау және өткізу бойынша жалпы басшылықты келесі өкілдері бар Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады:

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы (бұдан әрі –ҰҒПДТО);
- «Қазақстан футбол федерациясы» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі ҚФФ);
- «Балдәурен» жарысын өткізууді тікелей басқару Ұйымдастыру комитетімен бекітілетін төрешілер алқасының құрамына жүктеледі.

III. Жарыстың өтетін орны мен мерзімі

Футболдан «Балдәурен» республикалық жарысы төмендегі кесте бойынша 2022 жылдың 02-07 мамыр күндері Орал қаласында өткізіледі.

Ойыншылардың жас топтары	Откізілетін мерзімі	Командалардың келу және кері қайту күндері	Откізілетін орны
3 сыныптар (ұлдар-қыздар)	03-06 мамыр	02 мамыр- келу күні; 07 мамыр – қайту күні.	Орал қ. «Жастар» СК
4 сыныптар (ұлдар-қыздар)			

IV. Жарыстардың өткізілу тәртібі

Футболдан «Балдәурен» жарысы жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың сынып командалары қатысады.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің оқушылары осы Ереженің барлық талаптарын сақтай отырып, өздері оқытын жалпы білім беретін мектептерді жарысқа ұсынуға құқылы.

Жарысқа қатысушы барлық ойыншылар жарысқа қатысу және

дайындық уақытында жазатайым оқиғадан сақтандырылуға міндеттелуі тиіс. Сақтандырылуға жауаптылар – Білім басқармасының басшылары, оқытушы- жаттықтырушылар, дene тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі командаөкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

V. Жарысты өткізу шарттары

Ойыншылардың жастоптары	Тайм саны	Тайм ұзақтылығы	Үзіліс ұзақтылығы
3 сыныптар	2	15 минут	5 минут
4 сыныптар	2	15 минут	5 минут

Жарыс ойындар FIFA халықаралық футбол ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Футбол ойынының ережелеріне сәйкес ойыншылар қалқаншаларымен (щитки) қатысуға міндettі.

Жарысты өткізу кезінде ойын хаттамасына:

- жабық спорт алаңдарында 5x5 форматы үшін 5 негізгі ойыншыдан артық емес (қақпашины қоса алғанда) және 7 қосалқы ойыншы.
- ашық футбол алаңында 6x6 форматы үшін 6 негізгі ойыншыдан артық емес (қақпашины қоса алғанда) және 6 қосалқы ойыншы.

Ойын барысында ойыншыларды ауыстыруға шектеу қойылмайды.

6x6 форматындағы ойындарын (5 негізгі ойыншы + 1 қақпаши) тікбұрышты пішіндегі футбол алаңдарында өткізіледі. Алаң ұзындығы: 50-55 метрден аспайды, ені: 30-35метрден аспайды.

Футбол алаңының жасанды немесе табиғи көгалдарында және жабық алаңдарда ойын үшін №5 доп қолданылады.

VI. Өтінімдер

Өтінім парагы (*қосымша 1*). Өтінім қағаздарына команданың 12 ойыншысы, команда мектебінің 2 өкілі кіретін 14 адамнан аспайтын тегі, аты-жөні жазылуы тиіс. Өтініш парагын дәрігер және мектеп директоры растайды;

- ту туралы күәлік;
- окушының жеке паракшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, деректордың қолы қойылады және ол құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады;
- облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қ.қ. білім басқармасының қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бүйрығы болуы керек.

Жоғарыдағы аты-жөні жазылған тізімі мен бүйрығы жоқ командалар

жарысқа қатысуға жіберілмейді.

VII. Женімпаздарды анықтау және тәртіп санкциясы

Жарыстың барлық кезеңдерінде женімпаздар жалпы ұпай санына байланысты анықталады, барлық жарыс кезеңінде ең көп ұпай жинаған команда женімпаз атанады. Ойында женіске жеткен командаға – 3 ұпай, тең ойынға – 1 ұпай, жеңіліске – 0 ұпай беріледі. Егер жарыс қорытындысында екі немесе одан да көп команда бірдей мөлшерде ұпай жинаған болса, онда орындар төмендегі көрсеткіштерге байланысты анықталады:

- барлық матчтар бойынша жеңістер саны бойынша;
- өзара ойын нәтижесі бойынша;
- барлық жарыста кіргізген және соғылған доптардың ең жақсы айырмашылықтарына байланысты;
- барлық жарыстарда ең көп соғылған доп санына байланысты;
- жарыс хаттамасына енгізілген ең аз құқық бұзушылық әрекеттер саны бойынша (ескерту – 1 айып ұпай, шығарып жіберу – 5 айып ұпай).

Осы пункте барлық көрсеткіштер басымдылық тәртібінде көрсетілген, яғни басымдылық алдыңғы ойын көрсеткіштеріне сай беріледі.

Барлық көрсеткіштер абсолютті тең болған жағдайында, командалар орыны жеребемен анықталады.

Егер жарыстың негізгі уақыты тең нәтижемен аяқталған жағдайда, онда женімпаз ойын Ережесіне сәйкес, 6 метрлік соққы топтамасы (пенальти) арқылы анықталады.

Жарысқа келген ойыншылар тәртібіне жауапкершілік жаттықтыруышылар мен команда өкілдеріне жүктеледі.

Қатысушы командалар тарапынан ойынға кедергі келтіретін тәртіп бұзушылық анықталған жағдайда, жарыстың Төрешілер алқасы шешімімен айыпты командаға 0-3 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 3-0 есебімен жеңіс ұпайлары есептелінеді.

Жарысқа белгісіз себеппен келмей қалған командаға Жарыс Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде жеңіліс, ал қарсылас командаға 3-0 жеңіс есебі қосылады.

VIII. Төрешілік

Жарысты төрешілік ету «Футбол ойыны ережелерінің» қолданыстағы редакциясына сәйкес (ФИФА) және осы Регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

Жарыстың төрешілер бригадасы мен хатшыны тағайындауды ҰФПДТО жүзеге асырады.

IX. Қаржылық шарттар

ҰФПДТО-на шығындар жүктеледі:

- төрешілер алқасына, дәрігерлік және қызмет көрсету персоналдың еңбек ақылары шығындарын төлеу;
- медальдар, кубоктар, дипломдар, кеңсе тауарлары, дәрі-дәрмек, баннер қамтамассыз ету;
- спорттық ғимаратты, автокөліктерді жалға алу;

Спортшылар, жаттықтырушылар, төрешілер және команда өкілінің (қонақ үй, тамағы, тәуліктік жол шығыны, бару, қайту жолы) шығыны іссапарға жіберуші ұйымға жүктеледі.

X. Марапаттау

Жарыс 1,2,3 орын алған командалар ҰФПДТО дипломдары, кубоктары және медальдарымен марапатталады.

**Футболдан «Балдәурен» республикалық жарысына
ТАПСЫРЫС**

Облыс атауы: _____

N	Оқушының аты –жөні (толығымен)	Тұған күні, айы, жылды	Сыныбы	ИИН	Дәрігердің рұқсаты
1					
2					
3					
4					
5					

Жетекші: _____

(аты-жөні, қолы, телефон нөмірі)

Дәрігер: _____

(аты-жөні, қолы)

Мектеп директоры: _____

(аты-жөні, қолы, мөрі)